

**2024 жылы Ресей Федерациясының халықаралық алаңдарына/іс-шараларына
қатысу үшін делегация мүшелерін конкурстық іріктеуді өткізу жөніндегі
РЕГЛАМЕНТ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ресей Федерациясының халықаралық алаңдарына/іс-шараларына қатысу үшін делегация мүшелерін конкурстық іріктеуді өткізу жөніндегі регламент (бұдан әрі - Регламент) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі міндетін атқаруышының 2024 жылғы «29» ақпандагы №11-1-4/75 бұйрығымен бекітілген 2024-2025 жылдарға арналған үкіметтік емес ұйымдарға берілетін мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің тапсырысы бойынша және «Азаматтық бастамаларды қолдау ортылығы» КЕАҚ қолдауымен «Халықаралық ынтымақтастық саласындағы азаматтық бастамаларды қолдау (Ресей Федерациясының алаңдарында)» мемлекеттік гранттың басым бағытының аясында әзірленді және үкіметті емес құқық қорғау ұйымдары өкілдерінің халықаралық алаңдарға/іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету үшін делегация мүшелерін конкурстық іріктеу тәртібін айқындаиды.

1.2. Осы Регламентте келесі ұйымдар қолданылады:

Тапсырыс беруші – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі;

Оператор – «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

Ұйымдастырушы – «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі, Оператордан грант алушы;

Отініш беруші – үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының өкілдері қатарынан конкурсқа қатысуға отінім берген Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жеке тұлға;

Конкурс – осы Регламентке сәйкес Қазақстан Республикасының атынан халықаралық диалог алаңдарына жіберілетін үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының өкілдері қатарынан делегация мүшелерін айқындау процесі;

Конкурстық комиссия- халықаралық алаңдарға/іс-шараларға қатысу үшін делегация мүшелерін іріктеу мақсатында отінімдерді бағалау үшін Тапсырыс беруші, оператор және басқа да мұдделі тараپтар арасынан ұйымдастырушы құратын алқалы орган.

2. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.1. Конкурсқа қатысу үшін отініш берушілер келесі өлшемшарттарға сай болуы тиіс:

1) жоғары білім;

2) делегат ретінде әрекет етуді көздейтін қызмет саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі немесе магистр дәрежесі, ғылым кандидаты, ғылым докторы, PhD докторы немесе доктор ғылыми дәрежесі болған жағдайда делегат ретінде әрекет етуді көздейтін қызмет саласында бейіні бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі;

3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болмауы;

4) соңғы 3 жыл ішінде әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жазаның болмауы;

5) Қазақстан Республикасының Әділет органдарында тіркелген үкіметтік емес құқық қорғау үйімінің өкілі.

3. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Конкурс келесі кезеңдерден туралы:

№	Негізгі кезеңнің атауы	Орындалу мерзімдері
1.	Ұйымдастырушының, Оператордың, мұдделі серіктестердің интернет-ресурсында конкурстық іріктеу өткізу туралы хабарландыруды жариялау	2024 жылғы 29 шілде
2.	Конкурстың әлеуетті қатысуышылары үшін ақпараттық-түсіндіру науқанын өткізу	2024 жылғы 29 шілде – 06 тамыз
3.	Конкурстық іріктеуге қатысуға ниет білдірген тұлғалардан өтінімдер қабылдау	2024 жылғы 29 шілде – 06 тамыз
4.	Ұйымдастырушының конкурстық іріктеуге қатысуышылардың күжаттарының өлшемшарттарға сәйкестігін қарастыруы	2024 жылғы 07 тамыз – 09 тамыз
5.	Өтініш берушілерді конкурстық іріктеу	2024 жылғы 12 тамыз – 15 тамыз
6.	Конкурсты қорытындылау	2024 жылғы 15 тамыз

3.2. Конкурстың басталуы туралы хабарландыру келесідей негізгі мәліметтерді қамтиды:

- 1) Конкурстың регламенті;
- 2) Конкурсты өткізу тәртібі;
- 3) Өтінімдерді қабылдаудың басталу және аяқталу күні мен уақыты;
- 4) Байланыс ақпараты.

3.3. Конкурс 2024 жылы Ресей Федерациясының (*Мәскеу, Санкт-Петербург, Сочи*) кемінде 3 халықаралық алаңдарында/іс-шараларында Қазақстанның үкіметтік емес құқық қорғау үйімдарының кемінде 3 (үш) өкілін іріктеуді көздедейді.

*Ерекше жағдайларда Ұйымдастыруши делегацияның баратын елін өзгертуге құқылы.

4. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ

4.1. Конкурсқа қатысу үшін өтініш беруші қажетті қүжаттарды қоса отырып, осы Регламентке 1-көсімшаға сәйкес өтінімді толтырып, жолдауы тиіс.

4.2. Өтінімге қоса берілетін қүжаттар тізімі:

- 1) жеке басын куәландыратын қүжаттың көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқасы);
- 2) еңбек қызметін растайтын қүжаттың көшірмесі;
- 3) білім туралы қүжаттардың көшірмелері;
- 4) бар болған жағдайда ғылыми дәрежесін растайтын қүжаттың көшірмесі;
- 5) таңдалған халықаралық алаң тақырыбының біріне сәйкес келетін сөз сөйлеу жобасы;

- Ресей Федерациясы, Мәскеу қ. - YEY секторын дамыту
 - Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қ. - Тарихи мұра саласындағы мемлекетаралық қатынастарды нығайту
 - Ресей Федерациясы, Сочи қ. - Ұлы Отан соғысы туралы естелік
- 6) ұйымдастыруши тарапынан конкурсқа қатысуға уәкілетті органның мүдделер қақтығысының болмауы туралы өтініш (егер өтініш беруші Ұйымдастыруышының өкілі болып табылса); Конкурсты ұйымдастырушымен мүдделер қақтығысы болған жағдайда Ұйымдастыруышының халықаралық алаңдарда делегат ретінде қатысуына келісім беру туралы уәкілетті органның шешімін ұсыну;
- 7) бар болған жағдайда делегат ретінде әрекет етуді қөздейтін саладағы іс-шараларға қатысу туралы сертификаттардың көшірмелері;
- 8) бар болған жағдайда өтініш берушінің делегат ретінде әрекет етуді қөздейтін саладағы сарапшылығын растайтын құжаттардың көшірмелері (мақалаларға, жарияланымдарға, сөйлеген сөздерге, баяндамаларға және т.б. сілтемелер);
- 9) соттылығының жоқтығы туралы анықтама;
- 10) жеке тұлғаның соңғы 3 жыл ішінде сыйайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру туралы анықтама.

4.3. Конкурсқа қатысуға өтінімдер электрондық нұсқада (Microsoft Word және PDF-форматта) 2024 жылғы 29 шілдеден бастап 2024 жылғы 06 тамызда сағат 23:59-ға дейін civilalliance20@gmail.com электрондық поштасына қабылданады.

Қажетті құжаттарды жіберген кезде өтініш беруші әрбір тармақ бойынша толтырылған және қол қойылған өтінім нысанын және құжаттардың көшірмелерін бірынғай құжатта (PDF) жібереді.

4.4. Конкурсқа қатысуға өтінім өтініш берушінің осы Регламентте көзделген талаптармен және шарттармен келісімін білдіру нысаны болып табылады.

4.5. Өтініш беруші өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін өзінің өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

4.6. Ұйымдастырушымен белгіленген өтінімдерді қабылдау күнінен кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды.

4.7. Ұйымдастыруши өтініш берушілерден алынған ақпараттың құпиялышына және жеке деректерінің сақталуына кепілдік береді.

4.8. Қажет болған жағдайда Ұйымдастыруши өтінім берушіден конкурстық іріктеуге қатысы бар қосымша ақпаратты сұрату құқығын өзіне қалдырады.

5. КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

5.1. Конкурстық іріктеу екі кезеңде өтеді:

- 1) техникалық іріктеу;
- 2) конкурстық комиссияның іріктеуі.

5.2. Өтінімдерді техникалық іріктеу ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың осы Регламенттің шарттарына сәйкестігін анықтау мақсатында құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін Ұйымдастыруышының қызметкерлерімен жүргізіледі.

5.3. Техникалық іріктеуді жүргізу кезінде Ұйымдастыруышының қызметкерлері өтініш берушінің осы Регламенттің 2 және 4-тармактарында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келуін тексереді.

5.4. Құжаттардың толық емес тізімін немесе дұрыс емес мәліметтерді ұсыну Ұйымдастыруышының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

5.5. Техникалық іріктеуден өткен барлық өтінімдер конкурстық комиссия мүшелерінің қарауына жіберіледі.

5.6. Құрамында кемінде 3 адамнан тұратын конкурстық комиссияны Ұйымдастыруыш Тапсырыс берушінің, Оператордың және басқа да мүдделі тараптардың өкілдерінен қалыптастырады.

5.7. Конкурстық комиссияның хатшысы оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және комиссияның мүшесі болып табылмайтын, өтінімдерді бағалауға қатыспайтын Ұйымдастырушиның өкілі болып табылады.

5.8. «Мұдделер қақтығысы» жағдайының туындауын болдырмау үшін жеке мұддесі шешім қабылдау процесіне әсер етуі мүмкін конкурстық комиссияның мүшесі туындаған «мұдделер қақтығысы» туралы конкурстық комиссияның хатшысын хабардар етіп, комиссия мүшелерінің құрамынан шығуы тиіс.

5.9. Техникалық іріктеу қорытындысы бойынша ұйымдастыруши конкурстық комиссияның іріктеуіне жіберілген өтініш берушілерді көрсете отырып, конкурстық комиссия мүшелеріне қорытынды қорытынды жібереді.

5.10. Техникалық іріктеу қорытындысы бойынша Ұйымдастыруши конкурстық комиссияның іріктеуіне жіберілген өтініш берушілерді көрсете отырып, хаттамаға қол қояды.

6. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ӨТІНІШ БЕРУШІЛЕРДІ ИРІКТЕУІ

6.1. Қорытындыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде конкурстық комиссия мүшелері техникалық іріктеуден өткен өтінімдерді осы Регламентке 2-қосымшада көзделген өлшемшарттарға сәйкес бағалауы тиіс.

6.2. Конкурс комиссиясының мүшелері хатшыға толтырылған және қол қойылған бағалау парагын ұсынады.

6.3. Бағалау парактарын алғаннан кейін конкурстық комиссияның хатшысы жиынтық бағалар көрсетілген хаттаманы қалыптастырады және конкурстық комиссия төрағасы мен мүшелерінің қолдарымен қуәландырады және Конкурстық комиссияның отырысын ұйымдастырады.

6.4. Конкурстық комиссия мүшелерінің отырысында қойылған бағаларды ескере отырып, женімпаз туралы шешім қабылдайды.

6.5. Балл тең болған жағдайда женімпазды анықтау жөніндегі шешім конкурстық комиссия төрағасымен қабылданады.

6.6. Делегация құрамына енгізілген женімпаздардың тізімі Ұйымдастырушиның интернет-ресурсында және/немесе әлеуметтік желілерінде жарияланады.

6.7. Женімпаздардың халықаралық аландарға/іс-шараларға қатысу шарттары, оның ішінде қызметтерге ақы төлеу/шығыстарды өтеу Ұйымдастыруши мен женімпаз арасында жасалатын шартта айқындалады.

7. ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

7.1. Конкурсқа қатысуға қатысты барлық сұрақтар бойынша келесі телефон арқылы хабарласуға болады: **+7 775 274 22 69** - Нигметова Айжан «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі.

7.2. Ұйымдастыруши конкурсқа қатысуға байланысты өтініш берушілердің шығындарын өтемейді.

7.3. Конкурсқа қатысуға өтінім берген жағдайда өтініш беруші Ұйымдастырушиға өтінімде ұсынылған барлық ақпаратты аналитикалық және өзге де мақсаттарда пайдалануға рұқсат береді.

7.4. Барлық туындаитын дауларды Ұйымдастыруши Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешеді.

**2024 жылы Ресей Федерациясының халықаралық аландарына/іс-шараларына
қатысу үшін делегация мүшелерін конкурстық іріктеу
қатысушының өтінім-сауалнамасы**

Сөз сөйлек тақырыбының атауы: _____
(Ереженің 4.2. тармагынан таңдаңыз)

Ұсынылатын алаң: _____
(Ұсынылған алаң сөз сөйлеу тақырыбына сәйкес келуі керек)

1. Жеке мәліметтер:

Тегі, аты, әкесінің аты: _____
Тұған күні: _____

2. Байланыс ақпараты:

Мекенжай: _____
Телефон: _____
Электрондық пошта: _____

3. Білімі:

Оқу орны: _____
Мамандығы: _____

4. Кәсіби тәжірибе:

Жұмыс орны: _____
Лауазымы: _____
Негізгі міндеттері: _____

5. Біліктіліктер мен сертификаттар:

Курстың/сертификаттың атауы: _____
Ұйым: _____
Алған күні: _____

6. Делегат ретіндегі жұмыс тәжірибесі:

Ұйым: _____
Кезеңі: _____
Негізгі міндеттері мен жетістіктері: _____

7. Жарияланымдар және ғылыми қызмет:

Жарияланымдарға сілтемелер: _____
Сертификаттар: _____

8. Қосымша дағдылар: _____

9. Жеке деректерді өндеуге келісім:

Мен, _____ (аты-жөні),
конкурстық іріктеу мақсатында осы сауалнамада көрсетілген жеке мәліметтерімді өндеуге
келісім беремін.

Күні: _____

Қолы: _____

Бағалау парагы

Кандидаттың аты-жөні: _____
Толтырылған күні: _____

Балл	Өлшемшарттың атауы	Бағалау (5 балдық шкала бойынша)	Түсініктеме (қажет болған жағдайда)
------	--------------------	-------------------------------------	--

1. Жұмыс тәжірибесінің болуы

1-2	Делегат ретінде әрекет етуді көздейтін қызмет саласында 3-5 жыл жұмыс тәжірибесі		
3-4	Делегат ретінде әрекет етуді көздейтін қызмет саласындағы жұмыс тәжірибесі 6-10 жыл		
5	Делегат ретінде әрекет етуді көздейтін қызмет саласында 10 жылдан астам жұмыс тәжірибесі		

2. Ғылыми дәрежесінің болуы

0	ғылыми дәрежесі жоқ		
1	ғылыми дәрежесі бар		

3. Сарапшылығын растайтын құжаттар

1-2	Делегат ретінде әрекет етуді көздейтін саладағы жарияланымдарына сілтемелердің болуы		
3-4	Делегат ретінде әрекет етуді көздейтін саладағы мақалаларына сілтемелердің болуы		
5	Делегат ретінде әрекет етуді көздейтін саладағы баяндамаларына сілтемелердің болуы		

4. Сөз сөйлеу мәтіні жобасының таңдалған халықаралық алаң тақырыбына сәйкестігі

0	сөз сөйлеу мәтінінің жобасында іс шаралардың мақсаттары мен міндеттері және болжамды нәтижелер арасындағы логикалық байланыстың бұзылуы бар		
1-2	баяндама өзекті және халықаралық алаңының мұдделері мен мақсаттарына бағдарланған негізгі тақырыптық бағыттарға сәйкес келеді, сондай-ақ осы іс-шараның ағымдағы үрдістері мен басымдықтары ескеріледі		
3-4	баяндамада халықаралық деңгейдегі стандарттарға сәйкес келетін сапалы және		

	мазмұнды материал, ғылыми нақтылық, өзекті деректер кіреді		
5	Сөз сөйлеу мәтінінің жобасы іс-шараның жалпы тақырыптық шеңберіне сәйкес келіп қана қоймай, сонымен қатар назар аударатын және талқыланатын тақырыпқа жаңа көзқарас беретін инновациялық идеяларды, тұжырымдамаларды немесе тәсілдерді ұсынады. Тату көршілік, достық және өзара түсіністік құндылықтарын ілгерілету үшін азаматтық қоғамдар арасындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдеседі; үкіметтік емес ұйымдардың диалог аландарына белсенді қатысуы арқылы Қазақстанның оң имиджін нығайтады.		

Конкурстық комиссияның мүшесі _____
 (қолы) _____
 (аты-жөні)

*мамандардың біліктілігін растайтын құжаттар білімі туралы дипломдар, тиісті тақырыптар бойынша курсардан, семинарлардан өткендігі туралы сертификаттар болып табылады.

**сарапшылығын растайтын құжаттар мақалаларға, жарияланымдарға, сөз сөйлеуге, баяндамаларға сілтемелердің болуы болып табылады.